

Қостанай қаласы әкімінің кейбір шешімдерінің күші жойылды ден тану туралы

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімінің 2026 жылғы 22 маусымдағы № 2 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 24 маусымда № 39058 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай қаласының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Қостанай қаласы әкімінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Қостанай қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімнің Қостанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қостанай қаласының әкімі

М. Жундубаев

Қостанай қаласы әкімінің
2026 жылғы 22 маусымдағы
№ 2 шешіміне
қосымша

Қостанай қаласы әкімінің күші жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 1 "Қостанай қаласында сайлау учаскелерін құру туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9283 болып тіркелген).

2. Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімінің 2020 жылғы 12 қарашадағы № 5 "Қостанай қаласында сайлау учаскелерін құру туралы" Қостанай қаласы әкімінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9553 болып тіркелген).

3. Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімінің 2021 жылғы 19 шілдедегі № 4 "Қостанай қаласында сайлау учаскелерін құру туралы" Қостанай қаласы әкімінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23618 болып тіркелген).

4. Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімінің 2022 жылғы 8 қыркүйектегі № 3 " Қостанай қаласында сайлау учаскелерін құру туралы" Қостанай қаласы әкімінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29481 болып тіркелген).

5. Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімінің 2025 жылғы 18 сәуірдегі № 2 " Қостанай қаласында сайлау учаскелерін құру туралы" Қостанай қаласы әкімінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10432-10 болып тіркелген).